

№11 «Балапан» бөбекжай- балабақшасы

Бекітемін:

№11 «Балапан» бөбекжай-балабақша меңгерушісі

А. Еришова



Тексерілді:

Балабақша әдіскері

А. Шуиншалиева

# «Тұмар»

*Вариативтік компонент*

*(3-4 жастағы балаларға арналған)*

*«Құлыншақ» ортаңғы тобы*

*Топ тәрбиешілері: Рахметова С*

*Жандаулетова А*

2021-2022 оқу жылы

## Түсіндірме жазба

Олемдегі ең қунды байлықтын бірі – баланың жарқын күзкісі мен көңілді жаздары «Бала-көңілдің гүлі, көздің нұры»-дейді, дана халқымыз. Сондықтан бала тәрбиесіне аса мән беріп, бала болашағы еш уақытта біздің ой-толғанысымыздан тыс қалмауы тиіс. Егемен еліміздің ертеңі балабақшадан бастау алады.

Қоғам алдында әрбір педагог-тәрбиешінің басты міндеті ұлт өнерін өркендетуші сапалы, салауатты, парасатты ұрпақ тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі баланы ұлтымыздың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерін бойына сіңіріп, сол арқылы анығытыққа, рухани-адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеудің маңызы зор. Балалық шақ – бұл балалардың қоршаған ортаны тани бастайтын, өзінің жеке-дара қасиеттерін байқатып, тұлға ретінде қалыптасуына жол ашатын мезгіл. «Тұмар» вариативтік бағдарламасы 2011 жылғы 7 желтоқсанда сараптамалық отырыстың шешімі бойынша №7 хаттамамен бекітілген.

Бағдарламада балабақшаның тәрбиелеу-оқыту процесінде ұлттық дәстүрлі еңбектің үлгілерін, ата-баба тәжірибесін, ата кәсібінің ерекшеліктерін, дәстүрлерін енгізу арқылы отбасы, балабақша және құрдастары арасындағы қарым-қатынасты зерттеп, тәрбиені ұлттық психологиямен халықтық педагогикаға негіздеу жолдарын ұсындық.

Бағдарламаны әзірлеуде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының білім салалаларының міндеттері басшылыққа алынған.

Бағдарлама оқытудың вариативтік компоненті арқылы іске асырылуға негізделген.

«Тұмар» бағдарламасы үш бағыт арқылы жүзеге асады: қыз балаларға арналған «Бүлдіршін қыз», ер балаларға арналған «Құлыншақ» және «Тәлім-тағлым» ата-аналар отауы.

Тұмар - қазақ халқының ою-өрнектеліп, күміспен көмкерілген, әдемі, аламын бәле-жаладан, тіл көзден сақтайтын; өмірде оны жақсылыққа бойына тағылатын әшекей пат «Тұмар» бағдарламасы өскелен ұрпағына, ата дәстүрін жалғастырушы мұрагеріне рухани-адамгершілікке, ізгілікке, ұлттық өнерге бейім, қыз инабаты, жігіт сұлтандығы сияқты мінез сапаларын бойына тұмар етіп сіндіруге бағытталады. Бағдарлама балабақша ұжымының ата-аналарымен ықпалдастығына арналған. «Тұмар» бағдарламасы балалардың денсаулығын қорғау және нығайту, салуатты өмір салтына баулу, еңбек сүйгіштік қабілетін, экологиялық білім негіздерін және мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

«Тұмар» бағдарламасы мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелігіне сәйкес келеді.

**Бағдарламаның мақсаты:** мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық тәлім-тәрбиесін «Тұмар» бағдарламасы негізінде қалыптастыру.

**Бағдарламаның міндеттері:**

- тұмар бағдарламасының негізінде ұлттық тәрбиені ғылыми орталық тарау арқылы жүзеге асыру;
- балабақша балалары мен ата-аналардың ұлттық тәрбие туралы түсініктерін анықтауға бағытталған сауалнама әзірлеу;
- ұлттық тәлім-тәрбие берудің негізгі бағыттарын көрсету;
- балалардың жас ерекшелігіне сәй етностық бағытта тәрбие беретін үйірмелер ұйымдастыру;
- бағдарлама негізінде педагогикалық кеңестер мен семинарлар ұйымдастыру болып табылады.

### **«Тұмар» бағдарламасының 2011-2020 жыл бойынша мазмұны**

«Тұмар» бағдарламасының алғашқы авторлық ұсынысы арнайы ғылыми-зерттеушілік жұмысы ретінде бағытталды. Бағдарламаның міндеттерін басшылыққа ала отырып педагогикалық кеңестің шешімімен ғылыми-әдістемелік орталық ашу негізге алынды. Мұқ хаттамада көрсетілгендей ғылыми-әдістемелік орталықтың атауы «Кәусар» деп бекітілді. Кәусар ғылыми орталығының мақсаты: ұлттымыздың үміт күткен болашағы, ата дәстүр мұрагері бүлдіршіндерді рухани-адамгершілікке, ұлттық өнерге бейімдеп, қыз инабаты, жігіт сұлтандығы сияқты мінез сапаларын бойына тұмар ету. «Кәусар» ғылыми орталығы арқылы енгізілетін жұмыс нысандары зерттеуден өткізіліп нәтижелері шығарылды, ербір зерттеу үш жыл көлемінде жүзеге асырылады, яғни «Тұмар» бағдарламасы аясында жүргізіледі.

### **2011-2020 оқу жылы аралығында атқарылған жұмыстар**

«Тұмар» бағдарламасы балабақшаның жұмыс бағытымен үйлесу негізінде «Кәусар» ғылыми орталығымен байланыс тауып өз кезегінде нәтижелі жұмыстарды жүзеге асырды.

2011-2020 жыл аралығында «Тұмар» бағдарламасы алғашқы баспа-шағары бастады, әрине үлкен ғылыми ізденушілік, педагогикалық шеберлік, нақты бағыт пен тәжірибелік әрекеттер бұл кезеңде негізгі іс-әрекеттердің бірі болды. Бұл жылдары атқарылған жұмыстардың нәтижелі болуына себепкер болған кішкентай бүлдіршіндеріміз, олар үйірмелерді өткізуде өздерінің қызығушылықтарын, шығармашылықтарын, шынайы қуаныштары мен сезімдерін көрсете білуі балабақшамыздың тәрбиешілерінің шабыттары мен түрлі идеяларын арттырып отырды. Біздің балабақшамызда орын алған жұмыс түрінің бірі отбасымен бірге оқуға арналған «Аялы алақан» журналы, «Ертөстіктің еркері»


атты газет басылымы шығарылады. Ата-аналар бұрышындағы ақпараттан өзгешелігі газет-журналдарды отбасыларымен бірге оқуға болады. 2020 жыл бойынша атқарылған жұмыстар негізіндегі жоғарыда аталып кеткендей тәрбиешілердің атқарылған еңбектері елеусіз қалмай түрлі марапаттарға ие болып, жинақталған материалдар бойынша жұмыстар жүргізіліп әдістемелік құралдар шығарылды.

**«Тұмар» бағдарламасының 2011-2020 жылдары тәжірибелік жұмыстар бойынша нәтижелері:**

- «Тұмар» балалар бақшасында ұлттық тәрбие негіздерін жүзеге асырудың нұсқаулығы (бағдарлы әдістемелік құрал);
- Аялы алақан (Бүлдіршін қыздар журналы №1,2,3) 2011ж;
- Бүлдіршін қыз (Әдістемелік құрал) 2012ж;
- Сәбилік кезеңдегі ұлттық тәрбие (Ұлттық тәрбие үлгісі журнал) 2012 ж.
- Құлыншақ (Ер баладарға арналған ұлттық тәрбие туралы журнал) 2012 ж.
- Ата-аналар жиналысы мен ұлттық ойындар сайысы;
- Ұлттық үлгіде балабақшаның безендірілуі;
- «Қазақ халқының ән-биі арқылы сұлулық пен сымбаттылыққа тәрбиелеу» әдістемелік семинар

Бағдарлама оқығудың вариативті жолдары арқылы жүзеге асырылуға негізделген

### ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



Қазак кызы бойына тән ізгілік қасиеттер: ізгілік, инабаттылық, тектілік, зиялылық, ұят, намыс және басқа қасиеттердің бастапқы негіздеріне баулу.

Үл баланың бойына кішкентайынан еңбекқорлық шеберлік, сымбаттылық, ұлтжандылық, кейсәлдік адамгершілік қасиеттердің бастапқы негіздерін қалыптастыру.

## «Тәлім-тағлым» ата-аналар отауы

Мақсаты: ата-аналармен ықпалдастық негізінде ұлттық тәлім-тәрбиені бала бойында қалыптастыру



### Міндеттері

1. Мектепке дейінгі мекемеде ата-аналармен ынтымақтастық қарым-қатынасқа қолайлы жағдай тудыру. Тұмар бағдарламасы туралы түсінік беру

2. Тұмар бағдарламасы негізінде берілген тәрбие бағыттарын ата-аналарға көрсету

3. Ата-аналарды ясли-бақшадағы ұлттық тәрбие беру жұмыстарына араластыру, әдістемелік тақырыптар туралы ақпарат беру

4. Ата-аналармен бірлесіп ұлттық тәрбие бағытында берілген тапсырмалар мен нәтижелерін бекіту

## Тұмар бағдарламасы

### Мақсаты

Ұлттық рухын ұлттың күткен болашағы, ата-бабалары бұқаралардың жақын елділігі мен сүйіспеншілігіне, ерлікке, еңлікке, ұлттық өнерге бағылған, өзіндік қабілетін, ерлігі мен ерлікке бағылған, өзіндік қабілетін бойынша тәрбиелеу.

Тәрбиелеу мен оқыту үрдісі  
«Алғашқы қадам», «Зерек Балта», «Біз мектепте» бағдарламасы.

«Бұқаралық рух» студиясы

«Қазақстан» студиясы

Тәлім-тәрбиенің  
әдіс-тәсілдері мен  
әдістері

## Ата-аналармен жұмыс бағыттары

Тұмар бағдарламасы жүзеге асыру

Ұлттық тәрбие бағытындағы іс-шараларға қатыстыру

Ата-аналармен балалармен ұлттық бағытта атқарылған жұмыстар аясында пікір алмасу

Атқарылған жұмыстар бойынша ата-аналармен мәжілістер

### «Әжемнің үйі – ақ жайлау»

Әжелер мектебін тәрбиелік маңызы зор «Әжемнің үйі – ақ жайлау» этноклубының аясында бүлдіршін қыз әлеуметтік салт-дәстүрлер, колөнер, сөз өнері, саз өнерін танып-білу арқылы ата-бабаларының тұрмыс-тіршілігін танып-біледі, көне мұрағаттан өзіне тиіс үлесін үйренеді. Халық әндеріндегі, күйлеріндегі, терме жырларындағы әсем әуендерінен халқымыздың басынан кешкен тарихының, сол кезеңдердегі көңіл-күйлерінің, сезімдерінің көріністерін көреді. Ертегі, оқып, жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел жаттап, бесік жырын үйреніп тілін ұстартса, ырымдар мен тыйым сөздерді меңгеру арқылы тәрбиесін тектей отырып, баланың денсаулығына да көңіл бөлінеді. Сергіту сәттерінде ұлттық ойындарды ойыну арқылы салт-дәстүр мен ұлттық ойындармен де танысады. Үйірмеде әр сабақ дене шынықтыру әрекетімен де кіріктіріліп өткізіледі.

Осыған орай балабақшада «Әжемнің үйі-ақ жайлау» этноклубы ұйымдастырылды. Этноклубтың мақсаты: Әжелер ұлағатынан өнеге ала отырып, кішкентай қыз балаларды өз жасына сай қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарының мазмұнын, туыстық қарым-қатынастың мәнін түсіне білуге тәрбиелеу.

«Қатынас», «Әлеумет», «Шығармашылық» білім беру салаларын қамтитын этноклубтың жұмысының барысында балаларда әдептілік, инабаттылық, мәдениеттілік дағдылары қалыптасады. Көркем, нақышты сөйлей білу, сұлулық сырын тілмен жеткізіп, оймен өре білу өнеріне тәрбиелейді.

«Әжемнің үйі-ақ жайлау» этноклубына 4-5 жастағы қыз балалар қатысады және ол балалардың ата-аналары, әжелері келіп мұраға қалған колөнер түрлерімен, құрал-жабдықтар атауымен таныстырып, ұсақ колөнерге баулуда көмектеседі. Үйірмелер ой ұзақтығы 25-30 минуттан, аптасына 1 рет өтеді.

Үйірме жұмыстарының барысында келесі әдіс-тәсілдер қолданылады:

- ойын әдістері (дидактикалық, бейнелі-рөлдік, қозғалмалы, сөздік, әуездік, құрылысойындары)

- көрнекілік әдісі (суреттер, сызбалар, карталар, тірі және жансыз объект, қаланың көркем орындары, карағайлы орман, т.б.)

- сөздік әдіс (әңгіме, әңгімелесу, оқып беру, түсіндіру)

- техникалық қондырғыларды қолдану (мультимедиялық қондырғылар интерактивті тақта, компьютерлік ұлттық ойындар, компьютерлік ойыншықтар, слайдтар)

- драмалық қойылымдар.

- қазақ халық фольклорын кең қолдану.

- бөлмеде және табиғат аясында бейнелеу әрекетімен шұғылдану, бейнелеу әрекетінің жанатүрлеріне баулу.

### «Әжемнің үйі-ақ жайлау» этноклубының жылдық жұмыс жоспары

**Мақсаты:** Әжелер ұлағатынан өнеге ала отырып, кішкентай қыздарды өз жасына сай қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарының мазмұнын, туыстық қарым-қатынастың мәнін түсіне білуге тәрбиелеу.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
---	----------	---------	------------

1	«Әжемнің ыстық бауырсақтары»	Қазақтың ұлттық тағамы бауырсақтың жасалу жолдарымен таныстыру, (бейне сюжет, алдын ала асханаға саяхат т.б.) «бауырсақты» «қамырдан» (қатты тұздап иленген ұн) есу, ұзу арқылы, әжемің үлгісі бойынша орындату, ұсақ қол моторикасын дамыту. Ұқыптылық, тазалық дағдыларын қалыптастыру.	2
2	«Әжемнің ақ құрттары»	Қазақ халқының ұлттық тағамы құрттың жасалу жолдарын көрсету, құрттың түрлерімен таныстыру, ұсақ қол моторикасын, тілін дамыту, тазалыққа баулу.	2
3	«Қиыстырып құрақ құрау» (Жұлдызша)	Көркем сөз оқу, әңгімелесу, (бейне сюжет) Сөз қорына құрақ көрпе ұғымын енгізу, сенсорлық тәрбие (қабылдау, түйсік, т.б.)	2
4	«Қызғалдақ» гүлін құрақтан құрау	Мата қиындыларын кәдеге жаратуға, әр түрлі геометриялық пішіндерді қиюластыру ақылы матадан құрақ құрау әдістерін.	2
5	«Әжемнің ақылы» (ырым, тиым сөздер)	Әжелер ұлағатынан өнеге ала отырып, қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тиымдарының мәнін түсіне білуге үйрету.	2
6	«Жүн түту» (жана технологиямен дайындалған түрлі түсті жүн материалы қолданылады)	Бейне сюжет арқылы қазақ халқының жүнді өңдеу технологиясымен (қойды қырку, жүнін тазалау, жуу тәсілдерімен) таныстыру. Жұылған жүнді түту қажеттілігін түсіндіріп, осы әрекетті орындату. Ұқыптылық, еңбек сүйгіштік сапаларын тәрбиелеу.	2
7	«Ұршық иіру»	Қыз балаларды ұршықпен, жүн иірудің әдістәсілдерімен таныстыру (бейне материал көру, қонаққа келген әже жіпті иіруі, иірілген жіптен тоқыма тоқу, т.б.) балалар шашақ жасауы т.б.	2
8	«Кілем ше тоқимыз»	Түтілген, одан соң иірілген жіптен тоқудың әдісін көрсету, бір бізбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, шыдамдылыққа, басталған жұмысын аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру, таным үрдісін, ұсақ қол моторикасын дамыту, сөздік қорын молайту.	2
9	«Әжемнің ертегісі»	Қазақ халқының ертегілерін әже аузынан естіп, есіне сақтап, күнделікті өмірде белгілі бір мәтінді баянлау кезінде, ертегі ішіндегі кейіпкерлердің сөздерін, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды қолдана білуге баулу.	2

#### «Он саусаққа-он өнер» этиностудиясы

**Мақсаты:** балалар ою ойын, сырмақ, түскізіз өрнектеу, сырп кийім мен бас киімнің өшекейлерінің қарапайым түрлерімен танысып, өздеріне таныс сурет жасауы.



мүсіндеу, құрастыру әрекеттері арқылы, осы өнерді үйренуге деген құштарлығы туғызылады, үйретіледі. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде қолданған заттар, бұйымдар мен ыдыс-аяқ т.б. дүниесі жайлы түсінік алып, кейбір заттарды өздері де қолдан жасай білу өнеріне баулыды.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	«Әдемі алқа»	Моншак, қыз баланың мойынға тағатын әшекей бұйымы екендігі жайлы түсінік беру, оны көлемі мен түсіне қарай үйлесімді жіпке тізбектеу әдісіне үйрету, ұсақ қол моторикасын дамыту. Киген киімді моншақпен әрлей білу тағамына баулу.	2
2	«Білезік жасайық»	Әртүрлі моншақтарды жіпке тізбектеу, түстердің үйлесімділігін сақтау, ағаштан жасалған инемен жұмыс істеу тәсілдерін меңгерту	2
3	«Моншақтар мен әшекейлейік»	Сәндік қолданбалы бұйымдарды моншақтармен безендіру жолдарымен таныстыру. Шығармашылық қиялын дамыту. Әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу.	2
4	«Шашбау жасау»	Ұлттық сәндік шаш бұйымының бір түрі, шашбау туралы түсінік беру. Шашбауды қолдан жасай өнеріне үйрету арқылы шаш өсіруге, бұрым өруге, оны шашбаумен сәнді бекітуге деген қызығушылығын тудыру. Ұсақ қол моторикасын дамыту, сөз қорын кеңейту.	2
5	«Әдемі шашақтар»	Қазақ халқының жүннен иірілген әр түрлі жіптен киіз үй ішін, бас киім, киім кешек, жастық т.б. көркемдеу үшін шашақтар жасау қолөнерімен таныстыру және алғашқы тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру. Ұсақ қол моторикасын дамыту, сөз қорын кеңейту.	2
6	«Ою-өрнек қиюөнері»	Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру. Трафарет арқылы оюды салу, қию тәсілдерін меңгерту, қолөнерге деген қызығушылықтарын арттыру.	2
7	«Камзолды ою-өрнекпен әшекейлейік»	Трафарет арқылы сәндеу техникасы бойынша камзолды оюлы матамен әшекейлеу жолдарын үйрету. Эстетикалық талғамы мен шығармашылығын дамыту.	2
8	«Қоржын дегенне?»	Қоржын, оның қазақ халқы тұрмысында қолданылуы жайлы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Бейнелеу өнері (жапсыру) арқылы тәжірибелік жұмыс	2
9	«Он саусаққа он өнер» сайысы.	Балалардың шығармашылығын, ой-өрісін дамыту	2